**Бекітемін**
ЖШС**«"Нурислам"** бөбекжай-балабақшасы
басшысы ______**Аман М.Ж.**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2025-2026 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым: "Нурислам" бөбекжай-балабақшасы ЖШС**
**Тобы:** «Барыс» **ортаңғы топ тобы**
**Балалардың жасы**: 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 02.09-05.09.2025 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі 02.09.2025** | **Сәрсенбі 03.09.2025** | **Бейсенбі 04.09.2025** | **Жұма 05.09.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Күй күмбірі -** балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын арттыру. **(Музыка****)**<br>**Өнегелі-15 минут «Барлығы балабақша туралы»** Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.<br>Балаларды балабақша ғимаратындағы топтармен және үй-жайлармен таныстыруды жалғастыру. «Мен - балабақша тәрбиеленушісімін», «Балабақша – менің туған үйім» ұғымдарын қалыптастыру. **(қазақ тілі**)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Қауіпсіздік ережесі**<br>Психолог кеңесі: «3 жастағы балалардың даму ерекшеліктері» | | | | |
| | **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру**<br>**SMART-BALA жобасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | | **«Ақылды Балабақша»** Құрастыру және танымдық смарт ойын (пазл элементтері мен интерактив қосымшалар арқылы) **Міндеті:** Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Логикалық ойлау мен кеңістіктік түсінікті жетілдіру. **Қажетті құралдар:** Құрастырмалы балабақша бөлмелері (ойын бөлмесі, асхана, ұйықтайтын бөлме, дәретхана, аула) – LEGO немесе басқа конструктор QR кодтары бар суреттер (мысалы, ойыншық, үстел, балапан) | **"Менің балабақшам" – құрастырмалы макет ойыны** **Міндеті:** Балабақшаның негізгі бөлмелерін таныстыру, рөлдік ойнау арқылы сөйлеу мен танымды дамыту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Құралдар:** Конструкторлар (Lego, Duplo, басқа да блоктар) Балабақша бөлмелерінің үлгілері (сурет немесе үлгі бойынша: асхана, ойын бөлме, жатын бөлме, дәретхана) Тақта немесе планшет (смарт экран) **Ойын барысы:** Балалар балабақша макетін бірлесіп құрастырады. Әр бөлмені жасап болған соң, экрандағы QR кодты сканерлеп, ол бөлме туралы бейнематериал, дыбыс немесе сұрақ шығады. Мысалы: "Бұл қандай бөлме?", "Мұнда не істейміз?", "Қандай заттар керек?" **(Құрастыру)** | **"Бөлмені безендір!" – шығармашылық смарт ойын** **Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру. Креатив пен эстетикалық қабылдауды дамыту. **Құралдар:** Бос макет бөлмелер (конструктордан) Декор элементтері (құрастыру бөліктері, жапсырмалар) Экраннан бөлме үлгілері (QR кодпен) **Ойын барысы:** Балалар бөлмені безендіреді. QR арқылы шаблонды қарап, өз нұсқасымен салыстырады. Өз туындыларын көрсетіп, айтып береді. **(Құрастыру)** **Ауладағы әткеншек** **Міндеті:** созу тәсілдерін пайдалана отырып, мүсіндеу дағдыларын | **"Сен – смарт көмекшісің!" – AR (қосымша шындық) ойыны** **Міндеті:** Жаңа технологиямен таныстыру, кеңістіктік ойлау мен назарды дамыту. балалардың тәжірибесін байыту. Мұны планшетпен немесе арнайы қолданба арқылы жүргізуге болады. **Құралдар:** Балабақша макеті (қағаз немесе құрастырылған) Планшет пен AR қосымша QR кодтар **Ойын барысы:** Планшет арқылы макетке қарағанда анимациялар пайда болады (мысалы, ойыншық қимылдайды, тамақ дайындалып жатады). Балалар әрекетті бақылап, қандай бөлме екенін айтып, тапсырманы орындайды. **(Құрастыру)** **Күн мен бұлт – серуенге шығайық!** **Міндеті:** созу тәсілдерін пайдалана отырып, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Планшет немесе интерактивті экран (QR сканерлеу үшін)<br>Кейіпкер карточкалары: балалар, тәрбиеші, аспаз, күзетші<br>**Ойын барысы:**<br>1. Құрастыру кезеңі: Балалар шағын топпен бірге балабақша макетін құрастырады: әр бала бөлмені таңдап, соны құрастырады.<br>Әр бөлмеде арнайы белгілер бар (түстер, пішіндер, QR суреттер).<br>2. Зерттеу кезеңі: Балалар құрастырған бөлмелерге QR кодтарды планшетпен сканерлеп, ішіндегі "смарт" элементтерді ашады (мысалы: "Бұл ойын бөлмесі. Мұнда не істейміз?" деген сұрақтар, суреттер немесе мультфильм үзіндісі).<br>Рөлдік ойын: Балалар карточкаларды алып, кейіпкерлер рөлін ойнайды (мысалы, | **Менің тобымдағы достарым**<br>**Міндеті:** ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;<br>**Барысы**:<br>Бір-екі қарапайым кейіпкер мүсіндеу (бас, дене, аяқ-қол – дөңгелек пен таяқшалар).<br>Досының шашын, киімін айтып беру.<br>**(Мүсіндеу)** | қалыптастыру;<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Барысы:**<br>Ермексаздан әткеншек, сырғанақ сияқты ойын алаңы элементтерін жасау.<br>Қасына бала мүсіндеп қою.<br>**(Мүсіндеу)** | сақтауға, ұқыпты болуға баулу<br>**Барысы:**<br>Ашық аспан, бұлт, күн, ағаш мүсіндеу.<br>Табиғат туралы шағын әңгіме айту: "Біз серуенге шыққанда не көрдік?"<br>**(Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | біреуі тәрбиеші болады, біреуі бала, бірі аспаз).<br>Рөлге сай әрекеттер жасайды: “Қане, тамақ ішейік”, “Ұйықтайтын бөлмеге барайық” т.б.<br>Ойын соңында:<br>Балалар қай бөлме не үшін қажет екенін айтып береді.<br>Қарапайым тапсырма беріледі: “Асханаға қандай заттар керек?”, “Ұйықтайтын бөлмеде не істейміз?”<br>(Арнайы интерактивті экран арқылы құрастырылған балабақша макетін сканерлеп, виртуалды әлемде көруге болады (AR — қосымша шындық технологиясы арқылы)<br>**(Құрастыру)**<br><br>**Менің балабақшам**<br>**Міндеті:** ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.<br>**Барысы:**<br>Балалар өз балабақшасын елестетіп, ермексаздан ғимараттың қарапайым бейнесін мүсіндейді. Мысалы: төртбұрыш үй, терезе, есік.<br>**(Мүсіндеу)** | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА №6 КЕШЕН (затпен орындалады)**<br>**Міндеті:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. «Шапалақ».<br>Б.қ.: қолды екі жаққа созып отыру. Қолды төмен түсіру, орындықты шапалақтап ұрып: «тақ-тақ», – дейді. Б.қ.арқаны түзу ұстайды. рет қайталау)<br>2. «Алақанды орындыққа қою». Б.қ.: орындықтың арқалығына қарап, аяқты алшақ қойып, қолды артқа ұстап тұру. Орындықтың арқалығы арқылы алдыға иілу, алдыға қарау – б.қ. (5 рет қайталау).<br>3. «Абай бол». Б.қ.: қолды еденге тіреп отыру. Бір аяқты орындықтың астына созып, түзу ұстау. Б.қ.-қа оралу.Осылайша келесі аяқпен орындау (3 рет қайталау).<br>4. «Бұрылу».<br>Б.қ.: орындықтың арқалығына қарап, қолды арқалыққа қойып отыру. Оңға бұрылу (солға), алға қарау. Қолды арқалықтан түсіру. 3-4 рет қайталау. Аяқты қозғамау.<br>5. «Секіру». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолдыартқа ұстау. Бірнеше рет серпіліп, 8-10 рет биік секіру, орындықты айнала жүру. 3-4 рет қайталау. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">6. «Қолдыекі жаққа созу». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру.<br>Қолды екі жаққа созып, төмен түсіру, «төмен», – деп айту (5 рет қайталау). (Дене тәрбиесі**)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Таңғы ас</td><td colspan="5">«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>Үнемді тұтыну<br>Мақсаты: табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. берілген тағамды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</td></tr>
<tr><td></td><td>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>Көркем сөз:<br>Су, су менің бетімді жу.<br>(Тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</td><td>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>Көркем сөз:<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>(Тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</td><td>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>Көркем сөз:<br>Су, су менің бетімді жу.<br>(Тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</td><td>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>Көркем сөз:<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>(Тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)</td><td colspan="5">«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>«Балалар кітапханасы» жобасы Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.</td></tr>
<tr><td></td><td>Балабақшам – күнім менің<br>Балабақша – үйіміз,<br>Ойын ойнап жүреміз.<br>Достарымды сағынып,</td><td>Бақшам менің -тамаша<br>Бақшам менің – тамаша,<br>Келем күнде жараса.<br>Апай жақсы, дос көп қой,<br>Күнде өтіп жатады ой.</td><td>Балабақшам<br>Балабақша есігін,<br>Үшке тола ашқанбыз.<br>Балапандай мәпелеп,<br>Өсіреді біздерді.</td><td>Тәрбиеші апай<br>Тәрбиеші апайым,<br>Болдың бізге анамдай.<br>Ақ жүзіңнен шуақ шашып,<br>Мейірім төгіп тұрғандай.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Күнде бірге күлеміз. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Қазақ тілі** **«Сәлем-сөздің анасы»** **Міндеті:** Балаларды өз балабақшалары туралы қазақша айта білуге үйрету. күнделікті өмірде жиі қолданылатын үй тұрмысындағы кейбір заттардың атауларын, апта күндерін, айлардың, жыл мезгілдерінің атауларын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. **Сөздік минимум** Сәлеметсіз бе? -Сау болыңыз! -Кел, отыр, тұр, ал, әкел **«Менің балабақшам» постері.** **«Балабақша» сюжетті-рөлдік ойын** | **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы** Спортзалда ойнаймыз **Міндеті:** Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Негізгі қимылдар: Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды | **Музыка** **Жетекші маман жоспары бойынша** | **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Қуыршақтар денешынықтыруды ұнатады» **Міндеті:** Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Негізгі қимылдар: Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; | | |
| | | **Менің балабақшам**<br>**Міндеті:** Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру.<br>Әр бала таңдауы бойынша таңдауы топтағы заттардың суретін салу, түстерін атау.<br>– Бала өзі баратын балабақшаны салады: ғимарат, терезе, күн, бұлт, гүлдер.<br>**(сурет салу)**<br><br>**Үлкен – Кіші**<br>**Міндеті:** Заттарды өлшеміне қарай салыстыру.<br>"Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>Мысалы: үлкен доп – кіші доп, үлкен аю – | **Достарым және мен**<br>(топтық жұмыс)<br>**Міндеті:** Түрлі бағытта тура сыз ықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру.<br>Бірге ойнап жүрген достарын бейнелеу (таяқ адам түрінде болса да жарайды).<br>**(сурет салу)**<br><br>**Ұзын – Қысқа**<br>**Міндеті:** ұзын-қыысқа ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>Лента, қарындаш, таяқша түрінде көрсетіп салыстыру.<br>**(математика негіздері)** | **«Достық ағашы»**<br>**Міндеті:** Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу.<br>**(сурет салу)**<br><br>**Жуан – Жіңішке**<br>**Міндеті:** Жуан-жіңішке ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>Жуан кітап пен жұқа дәптерді салыстыру.<br>**(Математика негіздері** | **«Дамираның туған күніне арналған сыйлық»**<br>Міндеті: Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу.<br>**(сурет салу)**<br><br>**Түстер мен пішіндерді сәйкестендіру**<br>**Міндеті:** Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>Қызыл дөңгелек, көк шаршы, сары үшбұрыш сияқты.<br>**(Математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кішкентай аю.<br>**(математика негіздері)** | | | |
| **2-ші таңғы ас** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. берілген тағамды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Еңбегі адал-жас өрен**<br>**«Біз киініп үйренеміз» әңгіме**<br>**Міндеті:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету.<br>**«Дұрыс-бұрыс» ойыны**<br>Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше? Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуен** | | **Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** | **Құмдағы іздерді бақылау**<br>Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>**Еңбек:** Құм салғыштағы құмды | **Жерге түскен жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы айту. Олардың түстерін атауға үйрету.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>**Еңбек:** Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтарды тазалау. | **Күз мезгілінде желді бақылау**<br>**Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>**Еңбек**: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.<br>**Мақсаты:** тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:** Тақпақ оқу «Желді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Еңбек**: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау.<br>**Мақсаты:** еңбекке баулу.<br>*(еңбек қызметі)*<br><br>***Жеке жұмыс:***<br>**Көркем сөз:**<br>Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтай ма?»<br>**(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын**.<br>К-№ 4 «Қасқырлар мен лақтар»<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>Еңбек әрекеті | күрекшелерімен көтеру.<br>**Мақсаты:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>(еңбек қызметі)<br>***Жеке жұмыс***<br>***Жұмбақ:***<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын,<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз)<br>**(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын**.<br>К-№5 «Жапалақтар»<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>Еркін ойын | Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>(еңбек қызметі)<br><br>**Балалармен жеке жұмыс**: Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады (жапырақ)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен (жеміс)<br>Жер бетінде шашы бар<br>Жер астында басы бар (сәбіз)<br>**(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын**.<br>К-№ 6 «Күн мен жаңбыр»<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>Еркін ойын | күн» (Ж. Смақов)<br>Гу-гу, гу-гу шықты<br>Желдеттіде бұлт қуды<br>Жел соққан соң<br>Жел тіпті<br>Жын соққандай жұлқынды<br>**(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын**.<br>К-№ 7 «Күн мен түн»<br>**(дене тәрбиесі**)**<br>Еркін ойын |
| **Серуеннен оралу** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Еңбегі адал-жас өрен.**<br>**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау**<br>Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету:<br>- Түймелерді ретумен ағытамыз.<br>- Көйлек, шалбарды шешіп, айырбастап іліп қоямыз.<br>- Көйлекті, шалбарға, шортик, футболкамызды бүктеп салып қоямыз.<br>- Аяқ киімді шешіп шкафқа саламыз, екінші аяқ киімді киеміз.<br>- Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. **(қазақ тілі**)** | | | | |
| **Түскі ас** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. берілген тағамды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. | | | | |

| | |
|---|---|
| | **Гигиеналық шаралар:** Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Нан қоқымын шашпаймыз,<br>Жерде жатса баспаймыз.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаймыз. нанды үгітпей, ойнамай жеуге үйрету<br>**Бата**<br>Дастарханыңнан дәм кетпесін,<br>Көңіліңнен сән кетпесін.<br>Әумин **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Ертегі оқып беру.<br>**Әлди**<br>**Мақсаты:** бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру.<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат бөпем.<br>Жылама, бөпем, жылама,<br>Жілік шағып берейін,<br>Байқұтанның құйрығын<br>Жіпке тағып берейін. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** «Әлди» Ж.Байырбекова **(Музыка****)** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сүртеді жонынды. **(дене тәрбиесі**)** | | | | |
| **Бесін ас** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** берілген тағамды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Ас ішкенде күнде біз.<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені.<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі.<br>**Бата**<br>Дастарханыңнан дәм кетпесін,<br>Көңіліңнен сән кетпесін.<br>Әумин **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | **«Әткеншек пен сырғанақ»**<br>**Міндеті:** түстерді зерттеу, негізгі түстердің аттарын есте сақтау, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту, байқау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын | **Гүл бақшасы**<br>**Міндеті:** қоршаған әлемнің алуан түрлілігіне назар аударуға деген ұмтылысты дамыту.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Қарапайым гүлдерді жапсыру (дөңгелек – гүл ортасы, жапырақтар – сопақша).<br>– Гүлдің діні – жасыл тік төртбұрыш. | **Пішіндерден сурет құрау**<br>**Міндеті:**<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Түрлі пішіндерден (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) үй, ағаш, адам | **Дастархан мәзірі**<br>**Міндеті:**<br>заттардың пішіні туралы идеяларды қалыптастыру және бекіту (дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрышты, үшбұрышты).<br>Балабақша асханасындағы тағамдарды жапсыру: алма, нан, сәбіз, т.б.<br>**(Жапсыру)**<br><br>**Қауіпсіздік мектебі**<br>**«Үйдегі қауіпсіздік» тақырыбындағы «Қауіпсіз ойыншықты ал» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** ойнауға болмайтын тұрмыстық заттар туралы идеяларды бекіту; зейінді дамыту; өзара көмек сезімін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сүртуге майлықты қолдану.<br>Балабақша ауласындағы ойын алаңы элементтерін түрлі түсті қағазбен жапсыру.<br>**(Жапсыру)**<br><br>**Қауіпсіздік мектебі «Үйдегі қауіпсіздік» тақырыбындағы дидактикалық ойын «Тап және залалсыздандыр»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті шарлау қабілетін дамыту; балаларды заттың орналасқан жерін символмен байланыстыруға үйрету; заттарды қауіптің әртүрлі түрлеріне қарай жіктеу қабілетін дамыту.<br>**Ойын әрекеттері:** әртүрлі жерлерде заттарды іздеу.<br>**Ойын ережелері**: суретке сәйкес ойыншықты табу. | **(Жапсыру)**<br><br>**Қауіпсіздік мектебі «Үйдегі қауіпсіздік» тақырыбындағы дидактикалық ойын «Қиындықтан қалай аулақ болуға болады?»**<br>**Мақсаты:** суреттерде бейнеленген қауіпті және қауіпсіз жағдайларды жіктеу және түсіндіру қабілетін дамыту.<br>**Ойын әрекеттері:** суреттің сюжетін, оның салдарын қысқаша түсіндіру.<br>**Ойын ережелері:** сюжеттік суретті оның кескініне сәйкес қысқаша және нақты сипаттау. | немесе жануар жасау.<br>**(Жапсыру)**<br><br>**Қауіпсіздік мектебі «Үйдегі қауіпсіздік» тақырыбындағы «Жедел жәрдем» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** балалардың алғашқы көмек көрсету бойынша білімдері мен практикалық дағдыларын **бекіту.**<br>**Ойын әрекеттері:** медициналық құралдардың суреттері (термометр, таңғыш, зеленка). Педагог балалармен жағдайды талдайды, адам қолын, аяғын кесіп, тізесін, шынтағын сындырып, | **Материал:** әр түрлі тұрмыстық заттар мен ойыншықтардың суреттері.<br>Ойын барысы: бала Танюшка қуыршағына ойнауға болатын заттарды таңдауға көмектесуді ұсынады; неге басқалармен ойнауға болмайтынын түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | температура үшін, тамақ ауырған кезде, көзге дақ түсіп,мұрнынан қан кетті. Әр жағдай бойынша әрекеттер тізбегі пысықталады. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Лялаға қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Айаруға қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Алиханға сурет сал техникасының бастап дағдыларын үйрету **(сурет салу)** | **Аңсағанға** балабақша және балабақша қызметкерлері тура түсініктерін қалыптастыру.. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Еңбегі адал-жас өрен**<br>**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау**<br>**«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек.<br>**(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуен** | | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** | **Күз мезгілінде желді бақылау**<br>**Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ұлттық ойын-ұлт қазынасы «Ақсүйек»**<br>Бұл ойынның негізгі атрибуты - "ақ сүйек" болады, ол дегеніміз түйреуіш немесе доп. Ойын шарттары: Қатысушылар қолдарында "ақ сүйек" ұстаған жүргізушіге қарап, қатарға тұрады. Сөйтіп жүргізуші "ақ сүйекті" қатысушылардың басынан жоғары: "Ақ сүйек, көк сүйек, бізден сізге кім керек» деп лақтырады. Ойынға қатысушылар сүйектің қайда түсетінін көрмейді. Жүргізушінің бұйрығымен олар негізгі атрибутты іздеп табуға тырысады. Ойында "сүйекті" жылдам тауып, жүргізушіге әкеліп берген адам жеңеді. Егер ойыншының қолындағы затты басқа қатысушы байқап, оған қолын тигізе алса, "сүйек" қайтарылып берілуі керек.<br>**(дене тәрбиесі**)** | **Ұлттық ойын-ұлт қазынасы «Орамал»**<br>Қазақ халқында мектеп жасына дейінгі балалар арналған ұлттық ойында да болған. Ойынның ережесі: Қатысушылард біріне түйін болып байланған орамалды жүргізушіге беретін адамды таңдайды. Ойыншылар шеңбер жас тұрады, ал жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Қатысушылар жүргізушіні айнала бастайды. Ал жүргізуші Тоқта!" дегенде, ойыншылар шашырап кетеді. Осылайша жүргізуші орамалы бар қатысушыны ұстауға тырысады. Ал орамалы б ойыншы оны басқа<br>**(дене тәрбиесі**)** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы «Балапандар»**<br>Ойынға қатысушыларды - "Балапандарды" 3 топқа бөледі. Әрқайсысында "тауық" пен "батпырауық" таңдалады, ал қалған қатысушылар "балапандар" болып есептеледі. Ойын төмендегідей ойнайды: "Тауықтар" бағаналарға тізіліп, бір-бірінің белінен ұстайды. Олардың алдында "тауық" тұрады. "Тауықтар" балапандарды ертіп жүре бастайды және өздерінің ешкімнен қорықпайтынын айтады. "Батпырауық" бақылап, кездейсоқ тізбектен шыққан адамды қолымен | **Ұлттық ойын-ұлт қазынасы «Түйме алу»**<br>Ойынға бір уақытта 5-6 бала қатысады. "Жылдам ойналатын ойындар жинағының" авторы Эмма Степаненкова ойын басталар алдында балаларға ойын ережелерін біліп алуға кеңес береді. Ойын ережелері: Аланда мәре және сәре сызығының жасалады. Жүргізуші алаңға көптеген монеталар (қиыршық тастар) салады. Қатысушылар СТАРТ сызығының бойында орналасады. Жүргізушінің белгісі бойынша олар тиіндерді іздеп, шаба бастайды. Ойында кім ең жылдам қашықтықты жүріп өтіп, көп тиын жинаса, сол жеңеді. Балаларға арналған қазақтың ұлттық ойындарының айрықша ерекшелігі - ұтқырлық, ептілік және ұқыптылық. Ұлттық ойын арқылы балаларға қазақ халқының ұрпақтары мен игіліктерінің даналығы беріледі. Ойындар балаларға жанашырлық сезімін, командалық қолдауды және жеңімпаз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұстауға тырысады. Ал сынған тізбекті қайта құру керек болады. Бұл кезде "тауық" "балапандарды" қорғайды, "батпырауықты" қолымен ұстайды. Егер "тауық" оны алақанымен ұрып үлгерсе," батпырауық " ойыннан шығарылған болып саналады. Сөйтіп ойын соңында "Тауық" "балапандардың" ең көп санын сақтай алған топ жеңімпаз атанады. Қазақтың ұлттық ойындары не үйретеді? **(дене тәрбиесі**)** | болуға деген ұмтылысқа бейімдейді. **(дене тәрбиесі**)** |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Еңбегі адал-жас өрен**: Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Әжелер мектебі:** Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка****)**<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Еркін рөлдік ойындар.** |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Өнегелі 15 минут**<br>**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.** |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2025-2026 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым: "Нурислам" бөбекжай-балабақшасы ЖШС**
**Тобы:** «Барыс» **ортаңғы топ тобы**
**Балалардың жасы**: 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 08.09-12.09.2025 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 08.09.2025 | Сейсенбі 09.09.2025 | Сәрсенбі 10.09.2025 | Бейсенбі 11.09.2025 | Жұма 12.09.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Күй күмбірі -** балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын арттыру. **(Музыка****)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну. Ата-аналарға кеңес: **«Балаларға қандай мультфильм көру керек?»**<br><br>**Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру**<br>**SMART-BALA жобасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент,** | **Смарт ойыны: «Кім не істейді?»**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден | **Смарт ойыны «Кім сөйлеп тұр?» (Дауыс ойыны)**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: | **Смарт ойыны: «Кімнің киімі?»**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: Қызметкерлерді киіміне қарап тану. | **«Кімге көмектесеміз?» (Рөлдік ойын)**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: әртүрлі түстегі және | **«Суретін тап!»**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: Қызметкерлерді тану.<br>Құрал: Суреттер мен олардың көлеңкелері (силуэттері).<br>Ойын барысы: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | қарапайым құрылыстар құрастыру.<br>Қызметкерлердің жұмысын таныстыру және есте сақтау.<br>**Құрал:** Қызметкерлер суреттері немесе қуыршақтар (тәрбиеші, аспаз, медбике, күзетші т.б.)<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші суретті көрсетеді немесе сипаттайды:<br>«Бұл – аспаз. Ол не істейді?»<br>➜ Бала: «Тамақ пісіреді».<br>«Бұл – тәрбиеші. Ол не істейді?»<br>➜ Бала: «Бізге сабақ үйретеді».<br>**(Құрастыру)**<br><br>**Тазалық сақтаушы апай**<br>**(еден жуушы)**<br>**Міндеті:**<br>алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін | Есту арқылы ойлау және елестету.<br>Құрал: Дыбысты жазба немесе тәрбиеші өзі айтады.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші бір рөлде сөйлейді:<br>– «Балалар, бүгін ботқа мен шәй ішеміз!» (аспаз)<br>– «Қане, бәріміз таза қолмен тамақ ішеміз!» (тәрбиеші)<br>– «Кім ауырды? Кел, тексеріп көрейін» (медбике)<br>Балалар: «Бұл кім?»<br>**(Құрастыру)**<br><br>**Дәрігер апай (медбике)**<br>**Міндеті:** алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру.<br>Медбике бейнесін жасау.<br>Стетоскоп, дәрі қобдишасы сияқты құралдарды мүсіндеу.<br>**(Мүсіндеу)** | Құрал: Киімдердің суреті (алжапқыш – аспаз, ақ халат – медбике, т.б.)<br>Ойын барысы:<br>Суретті көрсетіп сұрау:<br>– «Бұл кімнің киімі?»<br>– Бала: «Медбике апайдың», т.б.<br>**(Құрастыру)**<br><br>**«Музыка жетекшісі»**<br>**Міндеті:**<br>ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін үйрету, балалардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Мүсіндеу әдістерін жетілдіру: ермексазды алақандар арасында айналдыру; Қысу, тарту техникасын қолдануға машықтану;<br>Музыка апайын және музыкалық аспаптарды мүсіндеу: барабан, домбыра.<br>Ән айтуды ұнататынын айту.<br>**(Мүсіндеу)** | Эмпатия, әлеуметтік рөлдерді түсіну.<br>Құрал: Ойыншықтар, ыдыстар, қуыршақтар, т.б.<br>Ойын барысы:<br>Балалар рөлге еніп, көмек көрсетеді:<br>– «Аспаз апайға көкөніс жууға көмектесейік»<br>– «Медбике апайға дәрі салғыш берейік»<br>– «Тәрбиешіге кітап әкеліп берейік»<br>**(Құрастыру)**<br><br>**«Көмекші апай мен ойыншықтар»**<br>**Міндеті:**<br>алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру.<br>Балабақшадағы тәртіп пен тәрбие туралы түсінік беру.<br>Көмекші апай (няня) және ол жинайтын ойыншықтарды мүсіндеу.<br>**(Мүсіндеу)** | Суреттер араласып тұрады. Бала дұрыс көлеңкеге қызметкер суретін апарып қояды.<br>**(Құрастыру)**<br><br>**«Аспаз апай не пісіреді?»**<br>**Міндеті:** ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;<br>Балабақша аспазын және тағамдарды мүсіндеу.<br>Тамақтар: ботқа, тоқаш т.б.<br>Балаларға аспаздың еңбегі туралы айту**.**<br>**(Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру. Тазалықтың маңызы туралы айту. Балалар тазалықшы апайдың құралдарын (шелектер, швабра) мүсіндейді. **(Мүсіндеу)** | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА №№11 КЕШЕНІ (затсыз орындалады)**<br>**Міндеті:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1.«Сылдырмақтар».<br>Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. Қолды екі жаққа созу арқылы жоғары көтеру, сылдырмақтарды сылдырлату және екі жаққа созу арқылы «дың-дың», – деп айту. Қолдың қозғалысын қадағалау. (6 рет қайталау.)<br>2.«Көрсет және ойна».<br>Б.қ.: өкшемен отырып, сылдырмақты иыққа қою. Бұрылып, сылдырмақты көрсету, «міне», – сылдырмақты артына тығып қою. Осылайшаекінші жақпен орындау. Қолдың қозғалысын қадағалау.Аяқты қозғалтпау (3 рет қайталау.)<br>3. «Ойнаймыз, тығып қоямыз».<br>Б.қ.: қолды бастан асыра көтеріп, шалқадан жату (отыру), ойыншықтарды жерге тигізіп ұстау. Сылдырмақтарды сылдырлату, қолды ішке алып келіп, аяқты бүгу – сылдырмақтарды тығып қою, б.қ.-қа оралу.(6 рет қайталау.)<br>4. «Көршіме көрсетемін».<br>Б.қ.: өкшемен отырады, сылдырмақтар ұстап, қолды екі бүйірге қояды. Оңға, солға бұрылу. Сылдырмақтарды сылдырлатып, денені түсіз ұстап тұру. (3-4 рет қайталау). **(Дене тәрбиесі**)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында**<br>**Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тіле тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Су, су менің бетімді жу. | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай, | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Су, су менің бетімді жу. | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Дымқылдап күнде сен.<br>Қолыңды сүйкесең. | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Су, су менің бетімді жу.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | Тағамға қол созамыз. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** **«Балалар кітапханасы» жобасы** Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрек түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | **Тәрбиеші апай** Тәрбиеші апай — ақ мамам, Өн айтамын, тақпақтам. Бізді күтіп алады, Мейірімімен бағады. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **Тәрбиеші көмекшісі** Тазалықты сақтаймыз, Қолымызды жуамыз. Көмекшіміз — күніміз, Күліп қарсы алады біз! **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **Меңгеруші апай** Меңгеруші апай бар, Жұмысында — тәртіп, шар. Балабақша — жайнаған Бәрі соған байланған. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **Музыка апай** Музыка апай күлімдеп, Өн үйретер сүйінтіп. Барабанды соғамыз, Билеуге де боламыз! Қол соғып біз ойнаймыз, Қуанышқа толамыз. Өн мен күйге бөлейді, Күнде бізді демейді! **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **Аспаз апай** Аспаз апай ас пісірер, Дәмді тамақ бізге берер. Каша, сорпа — бәрі бар, Рақмет саған мың алғыс, жар! **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Жол бойы мен жүгіремін» **Міндеті:** Негізгі қимылдар. | **Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Дос боламыз бәріміз»** **Міндеті:** 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді түсінуге және жиі | **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы: Спортзалмен таныстыру** | **Музыка** **Жетекші маман жоспары бойынша** | **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Қоянмен бірге ойнаймыз» **Міндеті:** Негізгі қимылдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына қарай жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық). Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. | қолданылатын сөздерден сөйлемдер құруға үйрету; **Сөздік минимум:** Менің, достарым, ойнаймын. **«Дос болайық бәріміз» ойыны** | **Міндеті:** Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына қарай жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық). Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға секіру. | | Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына қарай жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық). Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. |
| | **Санайық: "Қанша апай бар?"** **Міндеті:** Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне | **Пішіндер әлемі: "Апайларға көмек көрсет!"** **Міндеті:** Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға | **Түстер әлемі: "Апайларды түспен тап!"** **Міндеті:** Біртекті заттардан топтар | **Салыстыру: "Кім көп? Кім аз?"** **Міндеті:** Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. | **«Ағаштардың биіктігін салыстыр»** **Міндеті:** Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және түстеріне қарай ажыратуға үйрету.<br>**Қолданылатын кейіпкерлер:**<br>Тәрбиеші, аспазшы, көмекші.<br>Тапсырма:<br>– Мынау кім? (Тәрбиеші апай).<br>– Қанша тәрбиеші апай бар? (1).<br>– Қанша аспаз апай бар? (1).<br>– Қанша көмекші апай бар? (1).<br>– Барлығы неше апай? (3).<br>**(математика негіздері)**<br><br>**«Балабақшада жұмыс істейтін апайлар»**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету.<br>Қызметкерлердің кім екенін тану.<br>Жабысқан пішіндер арқылы бейне құрау.ку<br>**(жапсыру)** | үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету. Геометриялық пішіндерді танып білу (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш).<br>Тапсырма:<br>– Тәрбиеші апайға орындық салу үшін қандай пішін керек? (Төртбұрыш).<br>– Аспаз апайға табақтың пішіні қандай? (Дөңгелек).<br>– Музыка апайға үшбұрыш аспап берейік!<br>**(математика негіздері)**<br><br>**«Көмекші апай» (тәрбиеші көмекшісі)**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету.<br>Тазалық сақтайтын апай туралы түсінік беру.<br>Жапсыру элементтері: Шелек, шүберек, сабын, сүлгі – бәрін қағаздан қиып жапсырады. | құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. Негізгі түстерді (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату.<br>**Ойын:**<br>– Тәрбиеші апай көк халат киген.<br>– Аспаз апайдың фартугі қызыл.<br>– Музыка апайдың киімі сары.<br>– Балалардан сұрау:<br>– Қызыл фартугі кімде?<br>– Сары киімді кім көрдің?<br>**(математика негіздері)**<br><br>**«Біздің балабақша және апайлар» (коллективті жұмыс)**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету.<br>Бірге жұмыс істеуді үйрету, топтық аппликация.<br>Жұмыс барысы:<br>– Бір бала — балабақша ғимаратын жапсырады<br>– Біреуі — тәрбиешіні | Аз–көп, үлкен–кіші ұғымдарын меңгеру.<br>**Тапсырма:**<br>– Балалар мен апайларды салыстыру.<br>– Балалар көп пе, тәрбиешілер көп пе?<br>– Үлкен кім? Апай ма, сен бе?<br>**(математика негіздері)**<br><br>**«Музыка жетекшісі»**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету.<br>Музыка әлемімен таныстыру.<br>Жапсыру элементтері: Домбыра, барабан, үшбұрыш аспап, ноталар, микрофон.<br>Қосымша: Музыка залында билеп жатқан балалар бейнесін де жапсыруға болады.<br>**(жапсыру)** | **(математика негіздері)**<br><br><br>**«Апайларға сыйлық»**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету.<br>Рахмет айту, жақсы қарым-қатынас қалыптастыру.<br>Идея: Балалар өз қолдарымен қағаздан гүл, жүрек, күн немесе шар жасап, оны "апайларға" сыйлық ретінде жапсырады.<br>**(жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ойын түрінде: “Апайға көмектесейік!” деп балалармен бірге жасайды. **(жапсыру)** | – Басқалары — аспазды, көмекшіні, балаларды, гүлдерді және т.б. Нәтиже: Бір үлкен коллаж құралады. **(жапсыру)** | | |
